Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық – зомбылықтан қорғау, Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің суицидтің алдын – алу және оларды құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөнінде 2023 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2024 жылғы 02.07. №419 бұйрығымен және қазақстан Республикасы [illegible] министрлігі 2024 жылғы 04.07 №170 бұйрығымен «Бірлескен бұйрық» әзірленді. Ол Суицидтік мінез – құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірңғай алгоритімін, сондай – ақ суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдардың іс – қимыл алгоритімі бекітілген болатын. Осы бұйрықпен жұмыс алгоритімімен танысып мектепте 2023 – 2025 жылдарға арналған жқмыс жоспары құрылып, бекітіліді.

Мектеп бойынша аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психологиялық қолдау көрсету үшін «Сенім жәшігі, сенім телефоны» жұмыс жасайтындығын оқушыларға және ата-аналарға хабарлау психологиялық кеңестер беру, сонымен қатар Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу мақсатында «Күйзелістің алдын алу жолдары», жеке және топтық психопрофилактикалық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық диагностика бағыты бойынша да жұмыстар жүргізілді Зунг Депрессия шкаласы Т.И.Балашова бойынша сауалнама алынды, М.Фергюсен мен Д.Расселдің әдісі бойынша Жалғыздық сезімін арылту жаттығулары мен тренинг өткізілді.

Психологиялық түзету дамыту жұмыстары бойынша «Өмір құндылығы»-презентация бейнебаян 8 - 9 сынып оқушылары арасында көрсетілді. «Өмір, неткен тамаша!» 7-9 сыныптар арттерапия жүргізілді. «Күйзелістен қалай арылуға болады?» (тренинг) 7-9 сыныптар. Мемлекеттік қорытынды аттестация кезінде стрестен қалай арылуға болады «Үрейді басқару жолдары» 9 сынып (тренинг-сабақ). Зорлық-зомбылықтың, суицидті мінез-құлықтың, кибербуллингтің алдын алу, ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Сканировано с CamScanner

Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі оқушылары арасында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында балалардың зорлық – зомбылық әрекеттері тіркелген жоқ  Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің суицидтке жақын әрекеттер анықталмады. Оқушылардын денсаулыктарын саламаттығын сақтау мақсатында ата – ана мен мұғалімдердін жұмысы күшейтілуі керек. Оқушыларды назардан тыс қалдырмай үнемі бақылауда қарауға ата – аналарға кеңестер, жиналыстар өткізілді.

Мектеп психологы: Ж. Махметова

Сканировано с CamScanner

**«Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ**
**Педагог – психолг 10.02 – 10.03 2025 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі**

Педагог – психолог қызметінің мақсаты:

Білім беру ұйымының педагог ұжымы мен әкімшілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету.

**Міндеттер:**

1. Білім беру ұйымында әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
2. Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру.
3. Білім алушылардың,тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік жағынан жетілуіне септесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
4. Білім алушылардың тұлғасын психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
5. Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
6. Психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
7. Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
8. Білім беру үдерісі субьектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызмет бағыттары:

1. Диагностикалық бағыт: Бүкіл оқу кезеңіндегі балалардың ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу.
2. **Консультациялық бағыт:** Білім беру үрдісінің қатысушыларына дербес көмек көрсету.
3. **Дамытушылық (түзету) бағыты:** Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен қабілеттерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмыс.
4. **Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты:** Білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу (сынып сағаттар, семинарлар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңестер, интерактивті әдістер мен дәрістер)
5. **Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты:** ПҚ жұмысына мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындау, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сүйемелдеуімен пәнаралық тәсілді әзірлеу және ғылыми әдістемелік жұмысты жүргізу.

Сканировано с CamScanner

Ақпан айында 5 – 9 сынып оқушыларының арасында жоспарға сай диагностикалық бағытта «Жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау» мақсатында «Өз агрессияңды басқара аласың ба» атты тренинг өткізілді.

Кеңес беру бағыты бойынша жыл бойы сұраныс негізінде «Оқушылар арасында зорлық – зомбылықты алдын алу бойынша оқушылар, ата – аналар, және мұғалімдерге кеңес беру» Оқушылар, ата – аналар мен мұғалімдер арасында кеңес беру жұмысы жүргізіліп әңгіме, бейнеролик, таратпа қағаздары үлестірілді. Сондай ақ қыздар арасындаерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы; Тазалық денсаулық кепілі ұлдар жиналысы өткізіліп әңгіме қосымша ақпараттар, видиороликтер көрсетілді.

Түзету – дамыту бағыты бойынша 1 сынып оқушылары арасында «Біздің сынып бұл біз» тренинг өткізілді. оқушылармен осы уақытқа дейінгі алған білімдері мен үйренгендері туралы, оұушы мені жайында қызықты тренинг жаттығулары жүргізілді. Сондай ақ 5 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Stop bullyng: Бәрі сенің қолыңда! Атты 3 күндік акция өткізілді. Балалар сурет салды, бейнеролик түсірді флешмоб өткізілді.

2024 – 2025 оқу жылының мектеп педагог - психологының жоспарына сай жұмыстар атқарылып жатыр. Әр бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектепішілік есепте тұрған, ұзақ уақыт сабаққа қатыспаған [illegible] ана мен мұғалімдер арасында жақсы қарым – қатынас [illegible] зорлық зомбылық әрекеттері орын алған жоқ.








Педагог психолог: Ж. Махметова

Сканировано с CamScanner

**«Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ**
**Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар есебі**
**10.01.-10.02 2025 жылы атқарылған жұмыс есебі.**

Құқықтық тәрбие беру оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың негізгі міндеттерін атқарады. Жас ұрпаққа құқықтық тәрбие берудің мақсаты – еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, оны орындау, жастарды азамат ретінде Отаншылдыққа баулу, еліміздің материалдық және рухани байлығын үнемді пайдалануға, оны байытуға, адал еңбек етуге тәрбиелеу, айналамыздағы адамдарға қиянат, зорлық-зомбылық, қылмыс жасамауға үйрету, бауырмашылдыққа, мейірімділікке бағыттау.

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие, ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, елімізде жүріп жатқан жариялық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттық негіздегі морлальдық нормаларын қоғамның әрбір жеткіншек жастарының сана-сезімі мен күнделікті мінез-құлықтарын қалыптастыру қажет. Жоғарғы құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыру, жоғары адамгершілік психологиялық салаларды дамыту, физикалық саулықты нығайту жасөспірімдер тәрбиесінің жүйесіндегі негізгі факторлар болып табылады.

**Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі тәрбие жұмысы төмендегі нақты міндеттер негізінде құрылды:**

-оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, тәрбиелеу;
-оқушылардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру;
-шиеленісті жағдайларда көмек көрсету;
-құқықтық білім деңгейін көтеру;
-әрбір оқушының білім алуына қолайлы жағдай жасау.

Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар:

-құқық бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;
-оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;
-оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
-отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспасөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шаралар өткізу.

Мектебімізде құқықтық тәрбие мақсат көздей ұйымдастырылып, жеке оқушының талап тілектеріне, мұң-мұқтажына, қоғамдағы міндеттеріне негізделіп жүргізіліп, жас ұрпақтың моральдық мінез–құлқын қалыптастыруға, тәртіптілікке баулуға жол ашатын іс-шаралар ұйымдастырылды.

Құқықтық білім берудің міндеттерін жүзеге асыру мақсатында 2024 – 2025 оқу жылының бағдарламасында көрсетілгендей жыл бойы сұраныс негізінде «Оқушылар арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын - алу» бойынша оқушылар мен ата – аналар мен мұғалімдерге кеңес беру, қысқаша видиороликтер көрсету, әңгімелесу тәрбие шаралары жүргізіліп тұрады.

Мектепте өскелең ұрпақтың бойына құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыруға, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын оқушылардың зерделеуі мен терең түсінуі, заңға бағынатын азаматтарды тәрбиелеу мақсатында “Адамдардың құқықтық мәдениеті”, “Балалардың негізгі құқығы”, “Отбасы мен мектептегі мінез-құлық ережесі», «Жасөспірімдерді қылмыс әлемінен арылту”, “Заң білмеген зиян шегеді”, «Құқық, заң, мемлекет. Адамның құқықтық мәдениеті”, “Өз құқығымызды білеміз бе?” “Бала және қылмыс”, “Отан алдындағы борыш сезімі. Оны қалай тәрбиелеуге

Сканировано с CamScanner

болады?" және т.б. құқықтық тәрбие сағаттары өткізілді. Барлық сыныптардан «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірімнің нашақорлыққа көзқарасы», «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыптарында сауалнамалар алынып, қорытындылары шығарылып, сараптама жасалынды. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу және оған қарсы әрекет ету мақсатында жасырын сауалнама алынды.

Барлық сыныптарда «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Кибербулинг, булинг» тақырыптарында видео роликтер, әңгіме-лекция, кеңестер ватсап желісі арқылы жіберіліп отырылды және оқушылар таныстым деген белгі қалдырып отырды.

Мектепте құқықтық тәрбие тәрбиенің өмірілік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру, құқықтық сауатқа тәрбиелеу мақсатында өз жалғасын табатын болады.









Педагог – психолог: Ж. Махметова

Сканировано с CamScanner

**«Майшұқыр ауылының негізгі орта білім беретін мектебі» КММ педагог-психологтың жарты жылдық жұмыс есебі 2024-2025 оқу жылы**

Педагог-психолог қызметінің мақсаты:

Білім беру ұйымының педагог ұжымы мен әкімшілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

1. Білім беру ұйымында әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
2. Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
3. Білім алушылардың,тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік жағынан жетілуіне септесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
4. Білім алушылардың тұлғасын психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
5. Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
6. Психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
7. Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
8. Білім беру үдерісі субьектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін

**Сапалық құрам**

| Санат | Саны | * белгіленгенін жерге мектеп немесе ТАӘ жазамыз |
|---|---|---|
| Барлық мектептер | | «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімінің Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ |
| Мектептерде құрылған психологиялық қызмет (ПҚ) саны | 1 | *(ПҚ жоқ мектептер) |
| Педагог-психолог мөлшерлемесі көзделмеген | 1 | *(мектеп) |
| Қажеттілік | 0 | *(мектеп) |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| Барлық педагог-психологтар саны | 1 | Махметова Жанаргул Каусеновна |
| Соның ішінде: | | |
| Магистратура | | |
| Педагог-модератор | | |
| Педагог-сарапшы | | |
| Педагог- зерттеуші | | |
| Санаты жоқ | **санатсыз** | |
| Біліктілік арттыру курстары бар | | **«Буллинг себептьері, формалары, алдын алу» №53488;28.10.2023 ж «Ата аналарды психологиялық** педагогикалық [illegible] ғылыми әдістемелік негіздері №13506; 29.09.2023 ж |
| Барлық мөлшерлеме саны | | |
| Қамтылған мөлшерлемелер | | |
| Мөлшерлемелер бойынша бос орындар | | ***(мектеп)** |
| Мектептер бойынша бос орындар | | ***(мектеп)** |
| Педагог-психологтің жеке кабинеті | бар | |
| Кіріктірілген кабинет | | |
| Маман емес | | ***(мектеп)** |

**Бағыттар бойынша педагог-психолог қызметінің нәтижесі:**

**Диагностикалық бағыт**

Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ педагог – психологының жұмысының жоспары құрылды.Бірінші сыныпқа қабылданатын балалардың психологиялық деңгейін дайындығын диагностикалау. Мектепке дайындықты анықтау үшін келесі әдістер қолданылды: Керн - Йерасиктің мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті және «Ер адам суретін салу»; «Сөздер көшірмесі»; «Нүктелер көшірмесі» әдістемесі өткізілді. Негізгі сабақтарына қатыстым. Сыныпта екі оқушы бар. Балалар мектепке жақсы көңіл күймен келеді, оқуға деген оқушымын деген көңіл күйлері жақсы. Бір оқушы сабаққа деген ынтасы жақсы, ал екінші Юсупов Мұхаммед тіл кемістігі бар, есте сақтау қабілеті төмен, жазуға, оқуға қиналады. Анасымен жеке сөйлесіп оқушының жағдайы туралы сөйлестік.

«Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын – алу» мақсатында 5 – 7 сынып оқушыларымен «Үй, адам, ағаш» проективті әдістемесі жүргізілді. Оқушылардың арасында тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты кешенді зерттеу жүргізілді. Филипстің «Мазасыздық анықтау» сауалнамасы алынды. 5 сыныпта 3 оқушы бар оқушылар орта буынға жақсы бейімделген таныс емес пәндер мен мұғалімдерге бірден бейімделді. Сыныпта 2 оқушы жақсы оқиды және 1 оқушы қанағаттанарлық денгейде.

Сканировано с CamScanner

Жасөспірім арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын алу» диагностикалау жұмыс «Буллинг, Кигербуллин, зорлық – зомбылық, бопсалау» туралы сауалнама алынды. Нәтижесінде оқушылар бұл аталған жағдайларды естігенін бірақ мектеп оқушылары арасында бұндай қылықты оқиғаларды байқамағандары анық болды.

**Түзету-дамыту қызметі**

1 сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуінеипсихологиялық көмек: «Кел танысайық» тренингі, «Алақай мен оқушымын» жаттығуы, «Біздің сынып – бұл біз» жаттығуы, «Мектептегі көңіл - күй» жаттығуы өткізілді. Оқушылар тренингтерге өте белсенді қатысты, қызықты болды ойындарға да тартынбай қатысып отырды, өз білгендерін ортаға салды.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне психологиялық көмек «Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингі, «Менің мектептегі сезімім» жаттығуы, «Мен өзімді мақтай аламын» жаттығуы, «Реніштен арылу» жаттығуы жүргізілді. 5 сынып оқушылары тренинг сабақтарға жақсы көңіл күймен қатысып, ұялмай ойларын ашық айтып  тренинг жаттығуларымызды қызықты өткіздік.

Мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларымен мамандық таңдауға педагогикалық – психологиялық бағытта көмек көмек ретінде «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді» дөңгелек стол әңгіме жүргіздік. Оқушылар өздерінің ойларын айтып жақсы бір пікір талас болды. Мамандық әлеміне саяхат жасадық.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестері төмен оқушылармен жұмыс жүргізілді. Әсіресе 2 сынып оқушысы Пшенбай Самалдың оқуға деген қабілеті төмен екендігі анықталды. Сабаққа деген қызығушылығы төмен, есте сақтау қабілеті де нашар. Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері баламен қосымша жұмыс атқаруда.

«Мен өміріме, қажеттілігіме - жауаптымын» тренинг сабақ 8-9 сынып оқушыларымен жүргізілді. Адамның өмірді жақсы көруге, оны бағалап өз орнын таба білуге жетелеу. Жаман әдеттен, өрескел мінезден аулақ болуға тәрбиелеу.

**Кеңес беру бағыты** (санаттар бойынша жүргізілген барлық кеңес беру жұмыстарын көрсетіңіз)

Мектебімізде кеңес беру жұмысы «Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығы» бойынша ата – ана мен мұғалімдерге кеңес беру жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша да ата – аналар жиналысында кеңес берілді. Оқушылар арасындағы зорлық – зомбылықты алдын алу бойынша оқушылар, ата – аналар және мұғалімдерге видиороликтер, шағын фильмдер көрсетілді, әңгіме жүргізілді. Бұл жұмыс жоспар бойынша жыл бойы жүргізілетін жұмыстардың бірі. ББЖМ қатысатын 4 және 9 сынып оқушыларымен психологиялық кеңес беру. Қобалжымау, өзіне сенімді болу, есте сақтау қабілетімізді шыңдау жайында әңгімелесу.

Сканировано с CamScanner

**Алдын алу қызметі**

Оқушылар арасындағы зорлық – зомбылық пен діни экстримизмді алдын – алу жұмыстары жыл бойы жүргізілуі қажет деп есептеп үнемі осы тақырып бойынша видиороликтер презинтациялар көрсетіліп әңгіме жүргізіледі. Интернет желісіндегікері әсер ететін сайттар жайында да түсіндірме жұмыстары мен кибербуллингті алдын – алу жұмысын да жүргізіліп отырады.

**Ағартушылық жұмыс**

«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» келіп түскен арыз – шағымдарды аптасына бір рет зерделеу жұмыстарын жүргізу. «Балалар үшін бірігейік!» сынып жетекшілерді ақпараттандырып отыру, кеңестер беру, жұмыстармен бөлісу. Желтоқсан айында Психологиялық апталық «Психология әлеміндегі мен ...» жоспары құрылып мектеп оқушыларымен және мұғалімдерге арналға қызықты ойындар мен әр түрлі тренингтер ұйымдастырылды. Қыркүйек айында Акмола облысының педагог – психологтарының және әлеуметтік педагогтерінің практикалық семинары «Педагогтар мен ата – аналар арасындағы қарым – қатынас пен өзара іс – қимылдың тиімді жолдары» атты іс – шарада «Мұғалім мен ата – ана арасындағы табысты қарым – қатынас» тренинг өткіздік.

**Қорытынды:**

«Майқұқыр ауылының негігі орта мектебі» КММ – нің педагог – психолог жұмысы 2024 – 2025 оқу жылына құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Әр бағыт бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектеп ішілік есепте тұрға, ұзақ уақыт сабаққа қатыспаушы оқушылар жоқ. Ата – ана мен мұғалімдер арасында жақсы қарым – қатынас орнаған. Әлімжеттік, зорлық – зомбылық әрекеттері орын алған жоқ.

Педагог – психолог Ж. Махметова

Сканировано с CamScanner

| Жылдар | «Үздік психолог» байқауы | «Үздік психолог кабинеті» байқауы | Жарияланымдар | Баяндамалар (аудан, облыс, республика) | Авторлық жобалар | Байқау, конференция, вебинар мен семинарларға қатысу | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ | ТАӘ |
| 2022-2023 | | | | | | | |
| 2023-2024 | | | | | | Аудандық семинар «Аудан ұстаздарының озық тәжірибелерімен бөлісу және білім сапасын арттырудың тиімді әдістері» семинарында тәжірибе алмасуда шебер – сынып көрсетті. | |
| 2024-2025 (1 жартыжылдық) | | | | | | Ақмола облыстық педагог-психологтарының және әлеуметтік педагогтерінің практикалық семинары «мұғалім мен ата- ана арасындағы табысты қарым - қатынас» тренингі | |

Сканировано с CamScanner

- ✓ Мектепте осы 2024-2025 оқу жылында даярлық сыныпта 4 бала білім алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.
- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда- 34 оқу аптасын құрайды.
- ✓ 1-3 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 4 сыныпта- «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- ✓ 1-сыныптарда «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныптарда «Орыс тілі», 3-сыныптан бастап «Ағылшын тілі» пәнін оқу басталды.

✓ Биылғы оқу жылы мектебіміздің барлық 5-8 сынып оқушылары негізі орта (5-8 сыныптар), білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихантапсыру қағидасын сақтай отырып, оқу жылы соңында емтихан тапсырды. Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №500 264-қосымша, №500 6-қосымша, №500 85-86 қосымшалар) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (жалпы білім беру оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерінің қамтиды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 18.08.2023 №264 бұйрығымен

Ең жоғары оқу жүктемесі:
1-сыныптар- 19,5 сағат
2-сыныптар- 24сағат
3-сыныптар- 26 сағат
4-сыныптар- 26 сағат

1- сынып,, 2-3 сыныптар біріктіріліп, 4-сынып жеке оқытылды.

**1-сынып** 1 сағат, 2-сынып 2 сағат, 3-сынып-1 сағат, 4-сынып 1сағат берілді.

- ✓ 1- сыныпта «Көркем жазу», 2-сыныпта «Грамматикалық таным», «Қызықты математика», 3- сыныпта «Мәнерлеп оқу», 4-сыныпта «Қызықты математика» курсы білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, құрастырылған тапсырмалар арқылы білім алушының ойын жүйелі дамытып оқыту идеясын жүзеге асыруға және түрлі жарыс, сайыстарға дайындалу мақсатында теориялық білімін жетілдіріп, функционалдық сауаттылығын арттырып, күнделікті өмірде білімдерін практикалық түрде қолдана білуге баулиды.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары:
ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 №500 бұйрығы 6-қосымша бойынша
5-сыныптар 28,5 сағат
6-сыныптар 28,5 сағат
7-сыныптар 31,5 сағат
8-сыныптар 32,5 сағат
9-сыныптар 34 сағат

**Жаһандық құзіреттілік бойынша:**

- ✓ 5-6сыныптардан 0,5 сағаттан 1 сынып комплект 0,5 сағат
- ✓ 7сыныптарда 0,5 сағаттан 1 сынып комплект 0,5 сағат
- ✓ 8сыныптарда 0,5 сағаттан 1 сынып комплект 0,5 сағат

**Дінтану курсы** 9-сыныптарда 1 сағаттан 1 сынып комплект 1 сағат

Сканировано с CamScanner

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді. Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

- 2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер;

Электронды сынып журналдары «Kundelik.kz» платформасынан «Bilimclass» платформасына 2025 жылдың 1-қаңтарынан бастап ауысты. Оқу –тәрбие процесінде педагогикалық ұжымның жұмысындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында білім беру мен оқыту сапасын бақылау және талдау, пәндер мен сыныптар бойынша аралық және қорытынды аттестатау деңгейін талдау арқылы бірнеше жылдар бойын мектепте мониторинг жүргізіледі. Оқушылардың білімінің тұрақтылық дәрежесін анықтау, олқылықтарды жою шараларын күшейту мақсатында жыл басында кіріс бақылауы алынады. Оқушылардың оқу динамикасын қадағалау мақсатында тоқсан соңында БЖБ және ТЖБ талдаулары жүргізіледі. Пән бойынша жұмыстарға талдау жасау және пәндерді оқыту кезінде мұғалімдерге кездескен қиындықтарды шешу, көмек көрсету мақсатында ӘБ отырыстары үнемі өткізіліп отырады. Соңғы жылдар бойынша мектептің білім сапасы 69% құрайды

•

| | Білім сапасы | | |
|---|---|---|---|
| Оқу жылдары | Бастауыш білім беру | Негізгі білім беру | Жалпы білім беру |
| 2022-2023 оқу жылы | 50% | 65% | 60% |
| 2023-2024 оқу жылы | 62% | 61% | 61% |
| 2024-2025 оқу жылы | 86% | 70% | 69% |

## Білім беру бойынша пәндердің білім сапасы

| Пән атауы | білім сапасы 2022-2023 оқу жылы | білім сапасы 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 75% | 67% | 81% |
| Қазақ әдебиеті | 81% | 74% | 85% |
| Ағылшын тілі | 64% | 69% | 81% |
| Орыс тілі | 70% | 71% | 85% |
| Математика | 54% | 56% | 83% |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| алгебра | 64% | 67% | 73% |
| геометрия | 64% | 67% | 73% |
| Қазақстан тарихы | 58% | 69% | 80% |
| Дүние тарихы | 76% | 69% | 75% |
| жаратылыстану | 92% | 79% | 78% |
| география | 90% | 73% | 87% |
| информатика | 90% | 79% | 90% |
| физика | 65% | 67% | 73% |
| химия | 85% | 86% | 89% |
| биология | 64% | 67% | 67% |

2022-2023 оқу жылында 39 білім алушы 100 % -дық үлгеріммен бітірді, оның ішінде 1 сынып ( 3 оқушы) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 №373 бұйрығына сәйкес бағаланбады.

- Бастауыш білім берудің білім сапасы 50%,
- негізгі білім беру 65% ,
- жалпы мектеп бойынша 60%

Мектептегі **үздіктер** саны -6, **екпінділер** саны- 12 құрайды.

2023-2024 оқу жылында 32 білім алушы 100 % -дық үлгеріммен бітірді, оның ішінде 1 сынып ( 2 оқушы) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 №373 бұйрығына сәйкес бағаланбады.

- Бастауыш білім берудің білім сапасы 62%,
- негізгі білім беру 61% ,

Мектептегі **үздіктер** саны 7, **екпінділер** саны- 12 құрайды. Мектеп бойынша білім сапасы -61 %.

2024-2025 оқу жылында 27 білім алушы 100 % -дық үлгеріммен бітірді, оның ішінде 1 сынып ( 2 оқушы) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 №373 бұйрығына сәйкес бағаланбады.

- Бастауыш білім берудің білім сапасы 86%,
- негізгі білім беру 70% ,

Мектептегі **үздіктер** саны 6, **екпінділер** саны- 14 құрайды. Мектеп бойынша білім сапасы -69 %.

## 2022-2023 оқу жылындағы білім сапасы

| сыныптар | Оқушы саны | үздік | жақсы | орта | білім сапасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-сынып | 2 | | | | |
| 2- сынып | 3 | 1 | 1 | 1 | 67% |
| 3-сыныптар | 3 | 1 | 1 | 1 | 67% |
| 4-сынып | 2 | | 1 | 1 | 50% |
| **Бастауыш білім беру** | **10** | **2** | **3** | **3** | **50%** |
| 5-сынып | 4 | | 3 | 1 | 75% |

Сканировано с CamScanner